Өткені – өрелі, бүгіні – берекелі Алпыс жылдық тарихы бар Қарсақ кен орнында игілікті істер көп 3

Қазіргі теңге бағамы: қаржыны қайда жинау тиімді? 4

Становление финансовой службы и коммерческая деятельность нефтяной Эмбы на заре основания 5

Кенбайда қарымды еңбек 6

Ембі тынысы

№22 (62)
қараша
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:
Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Құрметті әріптестер!

Сіздерді Қазақстан Республикасы қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен, Ұлттық валюта – теңгенің айналысқа шыққан күнімен құттықтаймын!

1993 жылдың 15 қараша күні «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Жарлыққа қол қойылып, ұлттық теңгеміз айналысқа енді. Ал 1997 жылдан бастап осы күн Ұлттық валюта күні және Қазақстан Республикасы қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып белгіленді. Елбасының төл теңгемізді енгізу туралы қабылдаған шешімі еліміздің тарихында шешуші қадам болды. Ұлттық валютаны айналысқа енгізу нарықтық қатынастардың дамуына және тиімді банктік жүйенің қалыптасуына әсер етуімен қатар, Қазақстан мемлекеті тәуелсіздігінің нығаюының маңызды және құрамдас бөлігі болып келеді.

Қазіргі таңда ұлттық теңгеміз – еліміздің негізгі мемлекеттік нышандарының ішінде өзінің ерекше орны бар, еліміздің қаржылық тәуелсіздігінің символы болуымен қатар, қазақ елінің ұлттық болмысы бейнеленген маңызды құжат.

Егемен еліміздің қаржы жүйесінің алдында тұрған ауқымды жұмыстарды жүзеге асыру «Ембімұнайгаз» АҚ-ның қаржы блогының ұжымына да үлкен міндеттер жүктейді. Біз алда тұрған биік мақсаттарды нәтижелі ету жолында мамандығымызды кәсіби деңгейде атқара отырып, Компанияның қаржы саласының іргесін нығайту мақсатында жұмыла еңбек етеміз. Бұл орайда, алға қойған міндеттерге қол жеткіземіз деген сенімімізмол.

Мереке құтты болсын, әріптестер! Сіздерге мықты денсаулық, еңбектеріңізге толымды табыс тілеймін.

Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА,
Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2020 жылдың тоғыз айындағы өндірістік нәтижелері

Қазақстанның интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы ҚМГ 2020 жылдың 9 айындағы өндірістік нәтижелерін жариялады.

2020 жылдың тоғыз айындағы басты өндірістік көрсеткіштер:

Мұнай және газ конденсатын өндіру деңгейі 6,6%-ға кеміп, 16 423 мың тоннаны құрады;

Мұнай және газ тасымалдау көлемі 5,9% және 14,7%-ға азайып, 55225 мың тонна мұнай және 63 448 млн текше метр газды құрады;

Отандық және румын мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 14,4%-ға төмендеп, 13 081 мың тоннаны құрады.

	9А 2020	9А 2019	%
Мұнай өндіру, мың тонна	16 423	17 593	-6,6%
Газ өндіру, млн м³	6 173	6 227	-0,9%
Мұнай тасымалдау, мың тонна	55 225	58 696	-5,9%
Газ тасымалдау, млн м³	63 448	74 369	-14,7%
Мұнай өңдеу, мың тонна	13 081	15 281	-14,4%

2020 жылдың тоғыз айындағы өндірістік нәтижелер:

Көмірсутек шикізатын өндіру:

2020 жылдың тоғыз айында ҚМГ мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 2019 жылдың тоғыз айымен салыстырғанда 6,6%-ға азайып, 16 423 мың тоннаны (тәулігіне 449 мың баррель) құрады. Ілеспе және табиғи газды өндіру деңгейі 0,9%-ға ғана, 6 173 млн текше метрге дейін төмендеді.

Мұнайжәне конденсат өндіру, мың тонна	**9А 2020**	**9А2019**	**%**
Теңіз (20%)	4 032	4 394	-8,2%
Қашаған (8,44%)	954	838	13,8%
Қарашығанақ (10%)	816	760	7,4%
Өзенмұнайгаз (100%)	4 027	4 177	-3,6%
Маңғыстаумұнайгаз (50%)	2 229	2 395	-6,9%
Ембімұнайгаз (100%)	1 967	2 165	-9,1%
Басқалары	2 397	2 864	-16,3%
Барлығы	**16 423**	**17 593**	-6,6%

Теңіз, Қашаған және Қарашығанақта мұнай және конденсат өндіру 5 803 мың тоннаны (тәулігіне 168 мың баррель) құрады, бұл өткен жылдың осындай кезеңіндегі көрсеткіштен 3,2%-ға төмен. Бұл ретте ілеспе және табиғи газды өндіру өзгеріссіз қалды және 4 315 млн текше метрді құрады.

Теңіз кен орнындағы мұнай өндіру 2019 жылдың тоғыз айымен салыстырғанда 8,2%-ға қысқарып, 4 032 мың тоннаны (тәулігіне 117 мың баррель) құрады. Ал газ өндіру 6,9% -ға кеміп, 2 238 млн текше метрді құрады. Мұнай өндіру деңгейіне ОПЕК+ келісімінің шектеулері елеулі әсер етті.

Қашаған кен орнындағы мұнай өндіру деңгейі 13,8%-ға немесе 954 мың тоннаға дейін (тәулігіне 28 мың баррель) өсті. Табиғи және ілеспе газды өндіру 14,6%-ға ұлғайып, 576 млн текше метрді құрады. Мұнай және газ өндіру 2019 жылы жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарының нәтижесінде артты, бұл теңіз және жерүсті кешендерінің пайдалану коэффициентін ұлғайтуға, айдау қорын 4 ұңғымадан 6 ұңғымаға дейін көбейтуге, мұнай технологиялық желілерінде қосымша ребойлер қондырғыларын орнатуға, сондай-ақ жаңа ұңғымаларды қолданысқа енгізуге мүмкіндік тудырды. 2020 жылдың тоғыз айында Қашаған кен орнындағы орташа тәуліктік жалпы өндіру (100%) тәулігіне 333 мың баррельді құрады.

Қарашығанақ кен орнында мұнай және конденсат өндіру 7,4%-ға ұлғайып, 816 мың тоннаны (тәулігіне 23 мың баррель) құрады. Газ өндіру деңгейі 1 501 млн текше метрді құрап, 2019 жылдың тоғыз айындағы деңгейден 7,9%-ға жоғары болды. Мұнай және газ өндіру көлемінің артуы 2019 жылдың қыркүйек-қараша айларында нысандардың жоспарлы-алдын ала жөндеу жұмыстарынан кейін Қарашығанақ өңдеу кешенінің (ҚӨК) өндірістік нысандарын және Газды кешенді дайындау қондырғыларын (ГКДҚ-2 және ГКДҚ-3) жаңғыртумен байланысты болды.

Операциялық активтерді мұнай өндіру көлемі 8,5%-ға 10 620 мың тоннаға дейін (тәулігіне 281 мың баррель), ал газ өндіру 3,7%-ға 1 858 млн текше метрге дейін азайды. Мұнай өндіру көлемінің азаюы ОПЕК+ келісімінің шектеулеріне, сонымен қатар Қазгермұнай және ПетроҚазақстан Инк кәсіпорындарында өндіру деңгейінің табиғи жолмен 29,6% және 23,1%-ға азаюына байланысты.

Көмірсутек шикізатын сату:

2020 жылдың тоғыз айында ҚМГ өзі өндірген мұнай мен газ конденсатын сату көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 4,5%-ға азайып, 17 011 мың тоннаны құрады. Ал, оның 71%-ы экспортқа шығарылды.

Өзі өндірген мұнайды ішкі нарыққа жеткізу көлемі 4 955 мың тоннаны құрады, соның ішінде мұнайды әрі қарай өңдеу және мұнай өнімдерін сатуға операциялық активтердің («Өзенмұнайгаз», «Ембімұнайгаз» және «Қазақтүрікмұнай») шикі мұнайының 2 500 мың тоннасы Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ) және Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) жеткізілді.

2020 жылдың тоғыз айында тауарлық газды сату көлемі 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында сатылған көлеммен салыстырғанда 1,5%-ға қысқарып, 15 498 млн текше метрді құрады. Тауарлық газдың экспорты 5 936 млн текше метрге жетті, оның 88%-ы 2018 жылдың қазан айында Қытайға табиғи газды 10 млрд м3 дейінгі көлемде жеткізу туралы қол қойылған келісімнің шеңберінде Қытайға экспортқа жіберілді. Пандемия салдарынан 2020 жылдың тоғыз айында Қытай бағытына жөнелтілген газ экспорты жоспарланған көлемнен төмен болды, бірақ өткен жылдың тоғыз айындағы көрсеткіштермен салыстырсақ, нақты экспорт көлемі өзгермеді.

www.kmg.kz

Годовой отчет КМГ - в рейтинге лучших отчетов

Годовой отчет КМГ за 2019 год вошел в международный рейтинг лучших отчетов.

АО «Национальная компания «КазМунайГаз» стал единственной компанией из Казахстана, попавшей в список аналитики Comprend. Из 1000 претендентов в итоговый рейтинг попали 350 компаний, среди которых КМГ занял 263 место с оценкой B.

Цель рейтинга – обзор лучших практик в области подготовки годовых отчетов для повышения международных стандартов финансовой и корпоративной отчетности, улучшения корпоративных коммуникаций и взаимоотношений с инвесторами.

www.munailymeken.kz

Новости компании

Эмбинцев поблагодарили за самоотверженный труд

17 ноября в АО «Эмбамунайгаз» состоялось очное заседание Совета директоров, на котором был заслушан отчет о результатах деятельности компании по итогам 9 месяцев и ожидаемых показателях за 2020 г. и рассмотрены другие ключевые вопросы.

- Текущий год выдался нелегким для мировой нефтегазовой отрасли из-за пандемии коронавирусной инфекции и значительного снижения цен на углеводороды. В эти напряженные месяцы, в сложных экономических условиях нам с Вами приходилось предпринимать нелегкие решения, чтобы обеспечить безопасность работников для осуществления бесперебойной добычи нефти и газа. Несмотря на сложную эпидемиологическую ситуацию и ухудшившееся финансовое положение, обеспечены выполнение плановых показателей в рамках ограничений, наложенных ОПЕК и оказана существенная поддержка акимату Атырауской области в борьбе с пандемией. Я благодарю членов Совета директоров, Правление, производственный персонал и весь коллектив нефтяной Эмбы за самоотверженную работу в условиях общей экономической нестабильности и необходимости соблюдения беспрецедентных мер безопасности. Уверен, сообща мы успешно преодолеем и этот сложный период, - отметил в приветственном слове **председатель Совета Директоров АО «Эмбамунайгаз», заместитель председателя Правления по разведке и добыче АО «Национальная Компания «КазМунайГаз» (далее НК КМГ) Жакып МАРАБАЕВ.**

В ходе совещания Ж. Марабаев представил Совету директоров нового члена - директора департамента по правовому обеспечению НК КМГ **Сәулебай Мәліка Оралұлы**.

В рамках повестки очного заседания, были рассмотрены также отчеты об исполнении поручений Совета директоров, исполнение плана закупок ТРУ за отчетный период, утвержден бюджет и бизнес-план на 2021-2025 гг. и др. вопросы.

ӨТКЕНІ - ӨРЕЛІ, БҮГІНІ - БЕРЕКЕЛІ

Алпыс жылдық тарихы бар Қарсақ кен орнында игілікті істер көп

Тарих беттеріне бір ғасырдан астам еңбек жылнамасын жазған доссорлық мұнайшылардың ерлігі – бүгінгі ұрпаққа өнеге. Үлкен өндіріс мектебіне айналған осы «Доссормұнайгаз» МГӨБ-не қарасты Қарсақ кен орны биыл 60 жылдығын атап өтуде. Осы орайда, жуырда біз кен орнына ат басын тіреп, мұнайшылармен әңгімелесіп, жағдайларын біліп қайттық.

Алпыс жылдық тарихында Қарсақ мұнай кен орнында 297 ұңғы қазылды. Қазіргі таңда пайдалану қорында 149 ұңғы жұмыс жасауда. Оның 93-і – тербелмелі қондырғы, 53-і бұрандалы сорап арқылы өнім беріп келеді. Кен қабат қысымын сақтау бағытында 32 ұңғыға су айдалуда.

Бүгінгі күні кеніште ауысымдық әдіспен 110 адам еңбек етуде. Мұндағы мұнайшылардың айтуынша, кен орнының сулану деңгейінің жоғарылығына қарамастан, компания басшылығының тарапынан жұмыс жасауға барлық қажетті жағдайлар жасалып отыр. Жатақхана мен асхана ескі болғандықтан, 2010 жылы 50 орындық аталған әлеуметтік нысандар жаңадан салынды. Араға үш жыл салып, тағы қосымша 50 орындық модульдік жатақхана іске қосылды. Әлеуметтік нысандар толық заманауи жабдықтармен қамтылған. Іштері жайлы, жылы.

Айта кетсек, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында өткен салтанатты жиында мемлекеттік марапатқа ие болғандар қатарында қарсақтық мұнайшылар да (қазір олар – зейнеткерлер) болды. Осы жиында аталған кен орнының мұнай-газ өндіру операторы Жақсыгерей ҚҰБАШЕВ Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қолынан 3-дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен, қойнауқат қысымын сақтау цехының шебері Қарлыға АЛТЫНАЛИЕВА 3-дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталып, ұжымның беделін асыра түсірді. Бүгінгі таңда да Қарсақ жарты ғасырдан астам уақытты еңсерген, сулану деңгейі жоғары кен орны болғанымен, ұжым мұнайшылары ел қазынасын молайтуға өзіндік үлес қосып келеді. Олар жаңа техника мен озық технология заманының ағымына ілесе отырып, мұнай саласындағы жаңалықтарды өндіріске енгізу нәтижесінде табыс биігінен көрінуде. Солардың қатарында – өткен жылы Татарстан елінде өткен «Үздік маман» байқауының 3-кезеңінде техникалық қондырғы операторы Асылбек Көшекенов жүлделі I орынды еншілеп, Ембі ұжымының мақтанышына айналды.

Қазіргі таңда кен орнының орташа жылдық жоспары 27 022 тонна, ал, айлық өнім жоспары 1980 тоннаны құрайды. Берекелі ұжымымен ерекшеленетін Қарсақ мұнайшылары жоспарды сәтті орындап келеді.

- Бұрғылау жұмыстары көптен жүргізілмеді. Соңғы рет 2015 жылы 3 ұңғыма қазылып, іске қосылған болатын. Дегенмен, қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, күрделі жұмыстар жүргізу есебінен межені бағындырып келеміз. Табысты еңбек ету үшін қажетті қолдау, техника мен технология, жұмыс бригадалары жеткілікті. Қауіпсіздік техника талаптарының орындалуын мұқият қадағалап отырамыз. Жұмысшылар арнаулы қорғаныс киімдерімен уақытылы қамтылып, 3 мезгіл ыстық тағам беріліп, түнгі ауысымдағы мұнайшыларға құрғақ азық үлесі жеткізіледі. Қазіргі таңда қарсақтық мұнайшылар 60 жылдық мерейлі жылды табысты аяқтауға біркісідей жұмылуда, - дейді **Қарсақ кен орны №2 Қарсақ мұнай өндіру цехының бастығы Лұқпан БИСАЛИЕВ**.

Соның нақты айғағындай, биыл кен алаңында 3 су бөлу пункті (ВРП) қосылды. Бұған дейін 2017 жылы 5 осындай пункт орнатылған. Цех бастығының мәлімдеуінше, бүгінгі таңда кен орны қажетті сумен толық қамтылып отыр. Сонымен қатар, өткен жылы толық қажетті құралдармен жабдықталған жөндеушілер вагоны мен 2017 жылы оператор вагоны орнатылды. Бұл далада еңбек ететін жұмысшыларға қолайлы жағдай жасау үшін қолға алынған жұмыстар болатын.



- Бұрын мұндай талапқа сай жабдықталған вагондар болған жоқ. Енді жұмыс едәуір жеңілдеді. Сонымен қатар, жұмыс киімдерімізді ауыстыратын арнайы орын бар. Біз компания басшылығы тарапынан жасалып жатқан басқа да қамқорлықтарды сезінеміз. Биылғы пандемия кезеңінде балаларымыздың жазғы демалысына берілетін 150 мың теңгеге қашықтықтан оқуына байланысты планшет, ноутбук алуға мүмкіндік беру жөніндегі бастаманы қуана қабылдадық, - дейді қарсақтық мұнайшылар.

«Алпыс жылдық тарих – өткен күндердің жетістіктері мен кемшіліктерін саралап, келешекке бағыт-бағдар жасауға серпін береді. Алпыс жылдық уақыт биігінен көз жіберсек, өткеніміз – өрелі, бүгініміз – берекелі», - дейді Л.Бисалиев.



Қазіргі теңге бағамы: қаржыны қайда жинау тиімді?

Ел Президентінің Жарлығымен 1997 жылдан бері 15 қараша төл валютамыздың туған күні әрі қаржыгерлер күні болып атап өтілуде. Бірнеше ай бойына әлемді жайлаған пандемияның теңге өсіміне әсері, ұлттық валютаның келешегі жайында болжам, Embidегі қаржы мәселелерінің шешімі, қазіргі кезеңдегі қаржы жинаудың тиімді тұстары туралы кеңес. Кәсіби мереке қарсаңында «Embімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Нұрғалиқызы ТАСМАҒАМБЕТОВАМЕН ұйымдастырылған сұхбатымызда осы мәселелер кеңінен сөз болды.

- Рысты Нұрғалиқызы, сұхбатымызды қазіргі пандемия кезеңінің ұлттық валюта динамикасына қалайша әсер еткендігінен бастасақ...

- Өкінішке орай, барлық сала пандемияның зардабын тартты. Әлемді шарлаған коронавирус пандемиясына тағы бір жаһандық проблема қосылды – нарықта мұнай бағасы айтарлықтай төмендеді. Атап айтсақ, ағымдағы жылдың қаңтар айында Brent маркалы мұнай бағасы 63$ болса, маусымда 43$ дейін жетті. Соған сәйкес, теңгеміз де құнсыздана бастады.

«Embімұнайгаз» АҚ мұнай өндіру компаниясы болғандықтан, бұл бағыттағы динамиканы үнемі бақылап отырады.

Пандемия экономикаға, әрине, кері әсерін тигізді. Өйткені, облыс аумағы жабылып, қызметкерлері мұнайлы өңірге еліміздің өзге аймақтарынан қатынап жасайтын кейбір компаниялардың жұмыс ауқымы айтарлықтай қысқарды.

COVID-19 пандемиясы басталған кезден «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қолдауымен «Embімұнайгаз» АҚ нысандарында инфекцияның таралуын және жұмысшылардың вирус жұқтыру жағдайларын болдырмау мақсатында кәсіпорнымызда тиісті барлық шаралар қолға алынды. Соның ішінде, басты бағыт – қиын қаржылық жағдайға қарамастан, Компания жұмысшыларды табыс көзінсіз қалдырмай, мәжбүрлі тоқтатылған жұмыс режиміндегі қызметкерлерге де жалақының 70%-ын төлеп отырмыз.

- Еркін өзгермелі режимде ұлттық валюта бұрынғыдай мұнай бағасына тәуелді. ОПЕК+ келісімі аясында ұлттық валютаның келешегі жайында пікіріңізбен бөліссеңіз.

- Иә, әрине, теңге бағамының мұнай бағасына тәуелді болуы біз үшін тиімсіз. Десек те, ел экономикасының өсімі шикізат саттығына тікелей байланысты болғандықтан, теңге бағамы Brent-ке тікелей байланысты болып отыр. Сөзімді пысықтау үшін, ЕМГ мұнай және газ өткізу департаменті мамандары дайындаған сараптамалық диаграмманы оқырмандардың назарына ұсынуды жөн санап отырмын (Диаграмма №1).



Яғни, мұнай бағасы түскенде, доллар қарыштайды:

- 2020 жылы қаңтарда Brent – 63,50$, $ - 378,80 тг;

- 2020 жылы қазанда Brent – 40,79$, $ - 429,75 тг.

ОПЕК+ келісімінің мақсаты – мұнай өндіру көлемін азайту арқылы Brent маркалы мұнай бағасын тұрақтандырып өсіру. Бұл орайда, мұнай өндіруші компания ретінде Brent-тің өскені, бір жағынан, Embі үшін тиімді болғанымен, екінші жағынан, өндіріс көлемін азайтудың да компания үшін кері әсері де бар. Алайда, Қазақстан ОПЕК+ келісіміне қатысушы елдер қатарына енгендіктен, «Embімұнайгаз» АҚ да аталған келісім талаптарын орындау мақсатында биылғы жылдың 1-шілдесінен бастап 31 желтоқсаны аралығындағы мұнай өндіру көлемін 91 мың 755 тоннаға азайтып отыр.

- Қазақ мұнайының қарашаңырағы саналатын «Embімұнайгаз» АҚ-да қаржы мәселелері қалай шешімін табуда?

- Биыл әлемдегі мұнай-газ саласы үшін күрделі кезең, көп компаниялар қаржы тапшылығына кез болды. «Эмбамұнайгаз» Акционерлік Қоғамы 2019 жылды 39 млрд. астам пайдамен аяқтап, 2020 жылды қаражатпен қамту мәселесі күрделенген жоқ. Осы қаражаттың болуы арқасында көптеген мәселелер шешімін тапты.

Сонымен қатар, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқармасының 2020 жылдың 27-мамырындағы №23 Шешіміне сәйкес Бас компания биыл дивидендті алмай, Компания иелігінде қалдыруға мүмкіндік берді. Яғни, ағымдағы жылдың 1-қаңтардағы қаражат қалдығы есебінен ЕМГ жыл соңына дейін қолма-қол ақшамен қамтамасыз етіліп отыр. Жүргізілген талдауларға сәйкес, мұндай мүмкіндік туындамаған жағдайда «Embімұнайгаз» АҚ маусым айынан бастап несие немесе қаржылық көмек түрінде банктерден көмек сұрауға мәжбүр болатын еді. Демек, жағдайға байыпты көзқарас танытқан Бас компанияның бұл қолдауы – embілік мұнайшылар үшін үлкен көмек болды.

- Қаржы саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келесіз. Бұл салада біраз тәжірибеңіз бар. Сол тәжірибеңізге сүйене отырып, жиналған қаражаттың құнсыздануынан сақтану жолдары жөнінде мұнайшыларға қандай кеңес берер едіңіз?

- Иә, бұл мәселе қазіргі таңда әрбір қазақстандық үшін өткір мәселе болып отыр. Бұл орайда, қаражатты құнды қағаздарға (акцияларға) инвестициялау жөнінде кеңес берер едім. Неліктен? Себебі, дәл қазіргі уақытта қаржы нарығы жылжымайтын мүлікке қарағанда өз тиімділігін дәлелдеп отыр. Мәселен, дәстүрлі салым – жылжымайтын мүлікке салынатын инвестицияны мысалға алсақ. Осыдан 5 жыл бұрын Атырау қаласындағы пәтердің 1 шаршы метрінің құны 185 теңге курсына шаққанда шамамен 1813$-ды құрады. Ал, 2020 жылы бұл көрсеткіш 412 теңге курсына шаққанда 984$-ға жетіп отыр. Яғни, 2015 жылы 40 шаршы метрлік 2 бөлмелі пәтерді 13 миллион теңгеден астам қаражатқа алсақ, қазір сондай баспана алу үшін 16 миллион теңгеден астам ақшамызды жұмсаймыз.

Бұған дейін жинаған қаражатымызға пәтер сатып алып, жалға беру тиімді әдіс болып келді және бұған мүмкіндік те жеткілікті болды. Ал, қазір пандемия кезінде жалға берілетін көптеген үйлер бос тұр. Өйткені, өңірге келушілер саны күрт азайды. Сондықтан, пәтер жалдау бизнесі өз күшін жойып бара жатыр. Сәйкесінше, үй сатып алу да ендігі кезеңде тиімсіз екендігін уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Сондықтан, қаржыгер ретінде айтар кеңесім, ақша үнемі айналымда болуы керек.

Осы орайда, халықтың көбі жүгінетін депозит жүйесі туралы айтып өтсем. Мәселен, депозитке 100 мың теңге немесе 1000$ салғанда бір жылда қанша табыс табамыз? Есептеп көрейік...

100 000 тг (9 %-дық үлес) – 12 айда – 109 000 тг;

1000 $ (1 %-дық үлес) – 12 айда – 1010 $.

Байқап отырғанымыздай, депозит жүйесі бойынша жыл бойына қаражатқа қосылатын сомма мөлшері айтарлықтай аз. Сондай-ақ, қаражатты банкомат картасына ғана сақтау да табысыңызды арттырмайды. Сондықтан, жинаған ақшаңызды бағалы қағаздарға салу – ең тиімді шешім дер едім. Мәселен, инфографикада көрсетілгендей, «TESLA» компаниясында 1 акцияның құны 5 жылдың ішінде (2015-2020 жылдар аралығында) 43$-дан 442$-ға өсті. Сол сияқты, VISA, Facebook компаниялары акцияларының бағаларында да айтарлықтай өсім байқалады. Сондай-ақ, акцияның ең тиімді тұсы – салынған қаражат валютаның ауытқуынан сақталды және 5 жылдың ішінде кең нарық индексі де 71%-ға өсті.

Тек басты назар аударатын мәселе – қаржы инвестициялау сауаттылығымызды дамытып арттыру және қаржы пирамидасынан сақтану керек. Өздеріңіз білесіздер, жыл сайын жеке инвестициялар нарығында қаржылық пирамида белгілері бар ұйымдардың қызметі жандандырылып келеді. Ақшаны салу жолымен қаржылық пирамидаға кіру ерікті негізде орын алады және әдеттегідей, онда құқықтық қызмет көрсету және салынған қаражатты қайтарудың кепілдігі болмайды. Сондықтан, өкінішке орай, мұндай жүйе атын «жамылған» ұйымдар халықтың ақшасын жиып алып, сан соқтырып кетіп жатқан жағдайларды жиі естіп жатамыз.

Мысалы, бұған дейін «L-Capital», «Гарант 24», «Estate Lombard», «Выгодный займ», «Мерса» т.б. компанияларда орын алған қаржылық пирамида тұрғындарға келтірген залалы бәріне сабақ болады деген сенімдемін.

Бастысы, біз бұл күрделі кезеңнің алғашқы сатысынан бірліктің арқасында сәтті өттік. Алайда, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дәйекті пікірлеріне назар аударсақ, алдағы уақытта да бәсеңсуге болмайды. Халқымызда «Бірлесіп пішкен тон келте болмас» деген дана сөз бар. Біз қандай қиындық болмасын, татулықтың, ұйымшылдықтың арқасында жеңетінімізге сенімдіміз. Қазақстандықтарға денсаулық пен тұрақтылық тілеймін!

-Сұхбатыңызға рахмет!



Становление финансовой службы и коммерческая деятельность нефтяной Эмбы на заре основания

Национализация разрушенных и разграбленных в годы Гражданской войны нефтяных промыслов поставила перед советской властью насущный вопрос возобновления нефтедобычи и производства нефтепродуктов на базе оставшихся от многочисленных частных нефтепромышленных обществ налаженных систем добычи, транспортировки и переработки нефти и необходимость строгого учета материалов и финансовых средств, поступавших из центра на развитие производства взамен на эмбинскую нефть.

О положении дел на нефтяных промыслах Эмбы из отчетного письма Первого руководителя Эмбы, Председателя управления нефтяными промыслами Урало-Эмбинского района Рувима Фридмана руководству в августе 1920 года (стилистика и орфография сохранены):

«…Армия вошла в город с ненормальным государственным взглядом, все здесь рассматривалось как военная добыча и разбиралось по ниточкам. Нефтепредприятия представляли из себя самое богатое учреждение и из запасов их брали все….. таким образом оказались опустошенными гараж, амбары, склады, мастерские и прочее. С моим приездом эти действия приостановлены, даже кое-что привлечено к работе, но получить обратно взятое уже было невозможно: автомобили, грузовики ушли частью в Уральск, частью отправлены неведомо куда, пишущие машины увезены, материя, предметы продовольствия и прочее – все это распределено и увезено. Но то, что взято и разрушено в деле со взятием города, даже не заслуживает внимания в сравнении с тем, как разрушили промысла белые: с промыслов увезено много орудий производства, забраны отдельные части машин, уничтожено много чрезвычайно нужного материала».

Управление финансами переводят в Москву

Согласно списка сотрудников Управления нефтяными промыслами Урало-Эмбинского района по г. Гурьеву в период руководства Эмбой Фридманом, финансово-бюджетный отдел состоял из 6-ти человек под руководством управляющего Синельникова Григория Ипполитовича, главного бухгалтера Хлебникова Ивана Аристарховича, старшего счетовода Иванова А.Л., конторщика Мосянова А.Е., старшего кассира Ванина А.И. и машинистки Буркович В.Г. Еще три финансиста состояли при техническом отделе – бухгалтер Бейденбаум Иван Иванович, и.о. помощника бухгалтера Гундюрина А.А. и старший счетовод Борисов А.А.

В 1922 г. был образован трест «Эмбанефть». В состав треста входили производственные предприятия: 1. Промысла Эмбинского района, 2. Нефтеперегонный Константиновский завод, 3. Нефтеперегонные Варинские заводы, имени 26-ти Коммунаров.

В прежних публикациях в ЕТ мы сообщали, что эмбинская нефть еще до революции перерабатывалась на вышеназванных двух нефтеперегонных заводах на Волге, куда она доставлялась на танкерах, принадлежавших товариществу «Бр. Нобель». Оба завода сегодня продолжают работу в Российской Федерации.

К 1924 г. каждое из вышеперечисленных предприятий треста работало на хозрасчете и вело самостоятельную отчетность, но все финансовые вопросы, в том числе снабжение материалами и ведение расчетов с Нефтесиндикатом за сдаваемые для реализации нефтепродукты курировало Московское управление треста «Эмбанефть».

Справка: *Нефтесиндикат - внешнеторговая организация СССР по сбыту нефти и нефтепродуктов, образованного в июле 1922 г. для централизованных закупок нефтепродуктов у советских нефтяных трестов - «Азнефть», «Грознефть» и «Эмбанефть» с последующей реализацией их на внешних рынках. Нефтесиндикат подчинялся Главному управлению по топливу (далее ГУТ) Высшего совета народного хозяйства (далее ВСНХ) СССР.*

Как следует из протокола совещания при Московском управлении от 18.09.1923 г., оборотный капитал «Эмбанефти» на тот момент составлял - 4.195.000 руб., основной капитал составлял – 10.000.000, кассовый дефицит оценивался в 6.000.000 руб. Дефицит планировали покрыть либо за счет дотации, либо за счет повышения цен и реализации остатков сырой нефти Нефтесиндикату.

В ходе совещания представителями Московского управления «Эмбанефти» поднимался вопрос увеличения штатов бухгалтеров минимум на 3 человека, квалификация которых позволила бы оперировать индексами, курсами и другими экономическими понятиями.

Ниже приведем несколько озвученных тезисов, которые позволяют нам проследить картину становления финансового подразделения нефтяной Эмбы:

«…. Нам надо переорганизовываться, бухгалтерию расширить, и бухгалтер должен производить анализ, критически подходить к этому делу. Сейчас разные новости, индекс меняется. Бухгалтерскому аппарату приходится быть гибкими, быть аппаратом центра…..

… После получения приказала ГУТа о то, что главный бухгалтер ответственен за все, главные бухгалтера говорят такие вещи: они говорят, что аппарат будет работать как нужно для бухгалтера и давать такие сведения, которые нужны для бухгалтерской работы. Я считаю это неправильным. Бухгалтерия должны обслуживать технический персонал, давать сведения ему нужные и во всяком случае прислушиваться к тому, что нужно технической администрации…. Бухгалтерия и технический аппарат должны работать в полном контексте….

.... Вся бухгалтерская часть должны быть подчинена главному бухгалтеру и производить работу по плану, установленному главным бухгалтером. Этот план должен согласован с потребностями и нуждами каждого отдела. Во всяком случае вся бухгалтерская часть должна идти по одному плану под началом главного бухгалтера и аппарат должен главному бухгалтеру подичняться и ему отвечать...»

В ходе совещания принято решение о разработке письменной инструкции для служащих промыслов о ведении бухгалтерии.

Впрочем, как следует из итоговой отчетности треста по состоянию дел к 1925 г., несмотря на предпринимаемые в Москве усилия, становление единой системы финансовой отчетности по всем предприятиям треста, шло медленными темпами и не без трудностей.

- Состояние, в котором находилась бухгалтерская отчетность треста в течении 1922-23 и 1923-24 операционных лет нельзя иначе охарактеризовать, как хаосом. Постановка центральной бухгалетерии и общей бухгалтерской отчеости треста находились примерно в таком же положении, в котором находились бухгалетские отчетности большинства трестов 1,5 – 2 года назад. Центральной бухгалтерской отчетности до июля 1924 г. фактически не было. Между центральной бухгалтерией треста и бухгалтерией его отдельных предприятий не было необходимой связи. Даже больше, центральной бухгалтерией не была проделана элементарная работа, необходимая для координирования отчетности по всему тресту. Предприятия не инструктировались со стороны центральной бухгалтерии. Взаимные расчеты между Московским управлением и предприятиями не сверялись в течении года: не было единообразия форм отчетности по отдельным хозяйственным предприятиям, отчетность представлялась по разным формам, не было единообразия номенклатуры Главной книги, отсутствовало единообразие в методах калькулирования готовых продуктов и принципа распределения накладных расходов. В конце операционного года, после пересмотра всей организационной структуры управления треста были приняты меры для упорядочения отчётности, - следует из отчетного доклада тогдашнего начальника треста «Эмбанефть» Владимира Коробовкина.

Напомним, что в результате предпринятой Коробовкином реорганизации, управление трестом было перенесено из Гурьева в Москву, а управление промыслами из Гурьева в Доссор.

Как «Эмбанефть» зарабатывала на глубокой переработке нефти

К 1924-25 гг. выпускаемые предприятиями «Эмбанефти» нефтепродукты – нефть и продукция двух ведомственных заводов, сбывались Нефтесиндикатом преимущественно на внутреннем рынке в Московской, Ленинградской, Ярославской, Нижегородской и Уральской областях Российской Советской Федеративной Социалистической Республики (РСФСР).

- Однако, распространение специальных продуктов не ограничивается этими районами и они проникают по всей территории республики, имея разностороннее применение во всех отраслях промышленности, как в виде смазочных материалов для разного рода двигателей машин и специальных приборов, так и для других целей, как трансформаторные масла, кожевенное, парфюмерное и вазелиновые масла, а также имеют распространение среди широкого круга населения – гарное и швейное масла, колесные мази и керосин, - отмечается в докладе.

Если 1923-1924 г. трест завершил операционный год со значительным убытком – более 3 млн. рублей из-за низких расценок Нефтесиндиката на нефтепродукты, реализуемые на внутреннем рынке - на уровне себестоимости их производства, то в 1924-25 г. «Эмбанефть» получил чистую прибыль в более 2 млн. 221 тыс. руб. или 7,7 % на уставной капитал. Прибыль от реализации нефтепродуктов выразилась в сумме 3 млн. 887 тыс. руб. или 11,7 % на уставной капитал.

Основными факторами, определившими рост прибыли стали на тот момент увеличение поставок Нефтесиндикату продуктов глубокой переработки нефти. Изменился ассортимент поставок в сторону увеличения высокосортных продуктов, более рентабельных для «Эмбанефти».

Лаура Сулейменова

(Продолжение следует...)

Руководители нефтяной Эмбы

КОРОБОВКИН Владимир Михайлович – руководил Эмбой с мая 1924 по сентябрь 1929 г.

Родился в 1894 г. в г. Костроме.

Окончил Костромское техническое училище и Высшие академические курсы ВСНХ (Промышленную академию) в г. Москве

Работал учеником литейщика в Костромских механических мастерских, на механическом заводе, техником-лаборантом одного из медных рудников на Урале (по другим сведениям – центральной лаборатории Верх-Исетского горного округа)

В 1914 – 1915 гг. – техник-лаборант на одном из нефтеперегонных заводов в г. Грозном

В 1915 – 1917 гг. – служба в российской армии, рядовой

В 1917 г. – председатель полкового комитета 4-го полка артиллерии Ревельской крепости, председатель армейского комитета Ревельского укрепрайона,

Ревельского Совета рабочих и солдатских депутатов, вступил в РСДРП(б)

В 1918 – 1919 гг. – член Президиума Свердловского Совета рабочих, армейских и крестьянских депутатов; председатель Пермского губисполкома

В 1919 – 1920 гг. – начальник политотдела 16-й стрелковой дивизии 8-й армии Южного фронта

В 1920 – 1921 гг. – начальник частей 8-й Кавказской трудовой армии в Кубано-Черноморском нефтяном районе, заместитель председателя Туапсинского революционного комитета, инспектор-заведующий Транспортным отделом Кубанского обкома ВКП(б)

В 1922 – 1924 гг. – председатель правления треста «Кубчернефть»

С мая 1924 по сентябрь 1929 г. – управляющий, (с сентября 1926 г.) председатель правления треста «Эмбанефть», одновременно - член правления Нефтесиндиката, член коллегии Государственного исследовательского нефтяного института

В 1926 г. был в командировке в Германии, в конце 1928 г. – в США.

В 1929 – 1931 гг. – заведующий Техническим бюро Главгортопа ВСНХ в США (при Амторге), г. Нью-Йорк

В 1931 – 1932 гг. – учеба в Промакадемии, г. Москва.

С сентября 1932 г. – начальник Заводской секции, помощник начальника нефтяной секции Главтопа ВСНХ СССР

В 1933 г. – начальник сектора переработки и сбыта нефти и нефтепродуктов, главный инспектор, начальник отдела переработки нефти Главнефти Наркомтяжпрома СССР

С января 1934 г. – главный инженер по нефтепереработке Главнефти Наркомтяжпрома СССР

С июня 1934 по январь 1935 г. – директор Саратовского крекинг-завода.

В 1933 – 1934 гг. был членом редакционной коллегии журнала «Нефтяное хозяйство»

С июня 1935 г. – начальник строительства Одесского крекинг-завода.

В июле 1937 г. оставил строительство и уехал в Москву, приказом Главнефти от 22 июля 1937 г. предложено сдать дела. Был арестован и 12 октября 1938 г. приговорен к высшей мере наказания. Расстрелян, реабилитирован.

КЕНБАЙДА ҚАРЫМДЫ ЕҢБЕК

Биыл елімізде ғана емес, әлемде күрделі кезең болғандығына қарамастан, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Кенбай кен орнының мұнай дайындау және айдау цехы жыл соңына үлкен жетістіктермен жетіп отыр.

Аталған цех бастығының орынбасары Мұрат Сакиевтің айтуынша, Кенбай кен орнында қолдану мерзімі аяқталып тұрған мұнай-газ айырғыш қондырғысының 1-сатысы, газ айырғыш қондырғысының 2-сатысы ауыстырылды,Уаз кен алаңында жаңадан НГС іске қосылды. Сондай-ақ, Б.Жоламанов кен орнында мұнай-газ айырғыш қондырғысының 2-сатысы ауыстырылған. Бұған қоса, аталған кен орындарында қолдану мерзімі аяқталған реагенттер блогы (Блок дозирования реагентов), өндірістен келетін 4 жаңа коллектор жаңадан орнатылды.

Айта кетсек, реагенттер блогы талапқа сай 20 жыл мерзім бойы қолданылып, ескірген болатын.

- Әлемді шарлаған пандемияға, мұнай бағасының түсуіне қарамастан, жоспарланған жұмыстар іске асып, өндірістегі көптеген қондырғылар біраз жаңартылды. Өндіріске жаңадан келген қондырғылар мұнай өңдеуде, дайындауда, айдалада жұмыстың үзіліссіз жүруіне мол септігін тигізеді. Бұл компания басшылығының мұнайшылардың жұмысын жеңілдету бағытында көрсетіп жатқан қолдауы екенін сезінеміз, - дейді **Кенбай кен орнының мұнай дайындау және айдау цехы бастығының орынбасары Мұрат САКИЕВ**.

Жұмысшыларға алаңсыз жұмыс істеуіне барлық мүмкіндік туғызу – «Ембімұнайгаз» АҚ-ның басты ұстанған қағидаты. 2018 жылы Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-не қарасты Кенбай кен орнында өткен салтанатты шарада 100 орындық жатақхана пайдалануға берілді. №3 жатақханаға толық күрделі жөндеу жұмыстары жүруде.

- Осы уақытқа дейін өзекті мәселе болып келген су айдау сорапханасына да күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Нысанның салынғанына да 15 жылдай уақыт өтті. Күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатқан мердігер мекеме қараша айында тапсыруға уәде етіп отыр. Ал, құбырларды, сораптарды ауыстыру, жай жөндеу жұмыстарын өз күшімізбен атқарып келеміз, -дейді Мұрат Ақниетұлы.

Қазіргі таңда мұнда бір ауысымда 44 адам еңбек етеді. Жас ерекшеліктеріне келсек, ұжымның денін – орта буын қызметкерлер құрайды.

Мұрат Ақниетұлының өзі де – көп балалы әке. Жұбайы Мәншүк Ниязбаева екеуі 7 бала тәрбиелеп отыр. Сондықтан, цехқа жетекішілік қызметін үлкен тәрбие мектебі санайды.

- Вахталық қызметте мамыражай тірлік мүлдем болмайды. Кеніш далалықта орналасқандықтан, мұнайшылар ұзақ уақыт бойы отбасынан да алыста болады. Және мұнайшылар еңбегі ауа райының кез келген жағдайында жүзеге асырылады. Қатты аязда, аптап ыстықта, күшті дауылда да жұмыс істеуге мәжбүр. Сондықтан да, оларға ерекше көңіл бөліп отыру керек. Күнделікті денсаулықтарына, көңіл-күйлеріне баса назар аударылады. Өйткені, әр қызметкердің аман-есен үйіне оралуы үшін барлығымыз жауаптымыз. Сондықтан, үйдегі көпбалалы әке ретіндегі жауапкершілікті жұмыс орнында да жіті сезінемін, - деп ойын түйіндеді Мұрат Сакиев.

Мұнайшы қыздың арманы

«Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасына қарасты Терең-Өзек кен алаңының мұнай дайындау және айдау операторы Енсан Сабытаева Исатай ауданындағы Жанбай ауылында малшаруашылығымен айналысатын өңірде өскенімен, бала кезден «мұнайшы болсам» деп армандады. Мектепте шығарма жазғанда, үнемі «мұнайшы боламын, соның ішінде, операторлықты меңгеремін» деп арманын нықтай түсетін. Осы армanмен Атырау политехникалық колледжіне оқуға түсіп, 1985 жылы «мұнайшы» деген жолдамамен Жылыой өңірінде еңбек жолын бастайды.

– 35 жыл бойы «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Терең-Өзек цехында еңбек етіп келемін. Еңбек кітапшамда осы цехқа жұмысқа алынғаным жөнінде бір ғана сөйлем жазылған. Мен балалық арманымның жүзеге асып, қалаған мамандығымды меңгергеніме өзімді бақытты санаймын. Бастапқы кезде көп қиындықтар болды. Өндіріс алаңдары ол кездерде дәл қазіргідей жарақтандырылмаған. Жатақхана деген жоқ, ешқандай жағдай қарастырылмаған вагондарда тұрдық. Тамағымызды үйден алып келетінбіз. 12 метр биіктіктегі май қазандарына әр 2 сағат сайын көтеріліп, өнімнің құрамындағы суын, майын өлшейтінбіз. Барлық жұмысты негізінен қолмен атқардық. Ауа райы салқындай түсе аяғымызға киген резеңке етікті жаз маусымы болмайынша шешпейтінбіз. Қыста тоңып, жаурап жүргенде бас сұғып, жылынатын жер де жоқ еді. Сол жаураған күйімізде қас қарайғанша далада жүреміз. Қазіргі мұнайшылардың жағдайын қарап қуанамын. Алаңсыз еңбек етуге барлық жағдай бар ғой. Керемет жатақхана, үш мезгіл ыстық тамақтары асханада, барлық өндіріс алаңдарында операторлар вагондары орналасқан, - деген Енсан Сабытаева соңғы кездерде цехқа келген өндіріс жаңалықтарын қуана айта бастады.

2007 жылы Терең-Өзек кенішіне газ келді. Онымен бірге газбен жанатын пештер қолданысқа енді. Өндіріс жұмысы кезең-кезеңімен автоматты жүйеге көшірілді. Кешегі күндердегі қолмен атқарылатын жұмыстар ұмытыла бастады.

Embі өндірісінде 35 жылдық еңбек өтілі бар Енсан бізбен әңгімесінде соңғы кезде жұмысқа деген, соның ішінде еңбек адамына деген көзқарастың өзгергенін ерекше ықыласпен айтты. Егер сонау 80 жылдарда ең алдымен тек өндіріс тынысы, өнім өндіру мен тапсыру жайына басымдық берілсе, қазір жаңаша

көзқарас келді деген мұнайшы қыз еңбек адамының әлеуметтік жағдайына көбірек көңіл бөлініп, мұнайшының алаңсыз еңбек етуіне керекті жағдайлардың жасалғанын қуана отырып баяндады.

– Кешегі пандемия өршіп кеткен кездерде Компания басшылығының біздің денсаулығымызға қатты алаңдаушылық білдіргенін сездік, көрдік. Еңбек адамы ауырмасын, олардың отбасы мүшелерінің денсаулығына зиян келмесін деген қамқорлықпен барлық сақтандыру шаралары жүзеге асты. Вахта мерзімінің 56 күнге дейін ұзартылуын, ең алдымен, еңбек адамына жанашырлықпен жасалған қадам екенін біз жақсы түсіндік, - дейді Енсан.

Компания бойынша дәстүрге айналған жақсы шараның бірі – мамандардың кәсіби деңгейін көтеру мақсатындағы «Үздік маман» сайысы. Кәсіби шеберлік сайысы жыл сайын өтіп тұрады. Енсан 2010, 2011 жылдары екі жыл қатарынан үздіктер сайысына қатысып, алдымен басқарма бойынша, кейін Компанияішілік додадан топ жарып, 1-орынды иеленген еді.

Енсан – Сабытаева Жылыой өңірінде еңбек ете жүріп, шаңырақ көтерді. Мұнайшылар әулетінің келіні атанды. Жолдасы да осы Терең-Өзек кенішінде мұнай-газ өндіру операторы болып ұзақ жылдар еңбек етіп, бүгінде зейнеткерлік демалысқа шыққан. Енсан – бүгінде 3 баланың анасы.

«Жақсы табысымның арқасында балаларым жоғары білім алды» деген мұнайшы қыз Енсан еңбек адамын жан-жақты қолдауға алған туған ұжымына шексіз риза.

Жас маман

Виктория ОСИПОВА:
«Embі жарқын болашаққа жол ашты»

«Embімұнайгаз» АҚ Стипендия бағдарламасы бойынша APEC PetroTechnic жоғары колледжінде білім алған жас маман Виктория Осипова – Өскемен қаласындағы «Үміт» балалар үйінің тәрбиеленушісі.

2014 жылдың қыркүйегінде «Мамандыққа кіріспе - алғашқы жұмысшы мамандығын алу» жобасы аясында ол Атырау қаласындағы өңіраралық кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру кәсіптік орталығына оқуға түсті. 10 айлық курсты сәтті тәмамдап, «Технологиялық қондырғылар операторы» мамандығын алып шығады.

Білім алған жылдары зерттеу жобаларына қатысып, International Association of Drilling Contractors (IADC), Specialized Petroleum Technologies LLC (SPT) стандарттары бойынша халықаралық сертификаттарға ие болды.

Сөйтіп, мұнай-газ саласына деген қызығушылығы одан сайын артып, 2015 жылы APEC PetroTechnic жоғары колледжіне «Мұнай және газ кен орындарын пайдалану» мамандығы бойынша оқуға түсті. Сол жылы «Embімұнайгаз» АҚ-да жүзеге аса бастаған Стипендия төлеу бағдарламасы конкурсына қатысып, компания демеушілігімен оқуды жалғастыруға мүмкіндік алады.

- Барлық қажетті теориялық білімді меңгеріп, сондай-ақ, сандық жүйе бойынша тәжірибе жинақтадым. 2017 жылы Исатай ауданындағы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ базасында алғашқы өндірістік тәжірибені жинақтауға мүмкіндік алдым. Өзімнің мүмкіндігімді сынап көруге деген қызығушылығым оқуды да, жұмысты да қатар алып жүруге септігін тигізді. 2018 жылы барлық емтихандық сынақтардан сүрінбей өтіп, «Техник-технолог» мамандығын алып шықтым. Сонымен қатар, «Introduction to Technical Specialty - Oil and Gas» сертификатын иемдендім. Мұнай-газ саласы бойынша білім жолын қуу кезеңі осылай басталды. Кейін одан сайын жігерлене түсіп, Қазақ-Британ техникалық университетіне «Мұнай-газ ісі» мамандығына оқуға түстім. Университет ректорының көмекшісі қызметін қоса атқардым. Қазір мамандық бойынша еңбек етудемін. Менің жарқын болашағыма жол ашқан «Embімұнайгаз» компаниясына алғысым зор, - дейді жас маман.

Кейіпкеріміз студенттік жылдарда қоғамдық өмірге де белсене араласып, көптеген халықаралық тренингтерге

қатысты.

Айта кетейік, аталған бағдарламаның негізгі мақсаты - әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларын, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды мұнай-газ саласы бойынша Компания қаражаты есебінен оқыту. Бағдарлама аясында «Embімұнайгаз» АҚ 2 студенттің оқу ақысын төледі.

Жас мамандарға жан-жақты қолдау

«Embімұнайгаз» АҚ-да жас мамандардың кәсіби біліктіліктерін арттыруға баса көңіл бөлінеді. Компаниямыз мұнай-газ саласына жас мамандарды даярлау бойынша бірқатар игі жобаларды жүзеге асыруда пионер бола білді. Солардың ішінде, Дуалды оқыту, Стипендия төлеу бағдарламасы аясында көптеген жасқа қолдау көрсетіп, жарқын болашаққа жол сілтеді.

Компаниядағы жас мамандардың белсенділігін арттыру мақсатында 2013 жылы «Embімұнайгаз» АҚ-ның барлық өндірістік басқармаларында «Жас мамандар» кеңесі құрылып, жас мамандардың басын біріктіретін, тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін үлкен алаңға айналды.

Мен Алматы қаласындағы Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ политехникалық институтын тәмамдап, 2012 жылы «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына жұмысқа орналастым. Келесі жылы «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-на ауыстым.

Осы жылдар аралығында теориялық және тәжірибелік деңгейде білімімді көтеріп, кәсіби білікті маман болуға мүмкіндік алдым.

Осы жетістіктің нәтижесі – егемендіктің нақты көрінісі. Себебі,тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мұнайшының ауыр еңбегіне көзқарас өзгеріп, отандық мұнай-газ саласы қарқынды дами бастады. Содан бері, мұнай-газ саласы еліміздің экономикасының локомотиві саналып келеді.

Мен тәуелсіздікпен қатар дамыған компанияда еңбек ететінімді мақтан тұтамын.

Мұхтар ОРАЗОВ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнай-газ өндіру цехының 2-ші дәрежелі геологы.

COVID-19

COVID-19: ЕҢ ТИІМДІ САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ

Коронавирус салдарынан әлемде эпидемиологиялық ахуал нашарлап баратынын ақпарат құралдары жарыса жазуда. Біздің елімізде де соңғы тәуліктерде COVID-19 вирусы анықталған адамдар саны артып отыр. Мәселен, 19.11.2020 ж. күнгі дерекке сәйкес, өткен тәулікте Қазақстанда ПТР тестілеу қорытындысы арқылы 762 адамда коронавирус індеті расталған. Соның ішінде, Атырау облысында – 17.

Осыған орай, өздеріңіздің және ұжымның қауіпсіздігі, отбасы мүшелерінің денсаулығын сақтау мақсатында санитариялық-эпидемиялогиялық талаптарды бұлжытпау орындауға шақырамыз.

1. Үнемі бетперде тағыңыз

дұрыс киіңіз *қолмен ұстамаңыз*

2. Ара-қашықтықты сақтаңыз



3. Жиі қолыңызды жуыңыз немесе үнемі өзіңізбен бірге антисанитайзер алып жүріп, пайдаланыңыз

Бәрекелді!

Әріптесіміздің ұлы - әлем чемпионы!

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу бөлімінің инженері Бибігүл Мамбетованың ұлы Абылайхан Мейрамбекұлы самбодан әлем чемпионатында алтыннан алқа тағынды. Сербия Республикасының Нови-Сад қаласынан қуанышты хабар 8-қараша күні келіп жетті.

Жастар арасында өткен әлем чемпионатында 52 келі салмақта бақ сынаған Абылайхан байрақты додада әлемнің әр елінен келген қарсыластарының бәрін ұтып, шеберлігімен ерекше көзге түсті. Финалдық белдесуде Молдова палуанын да қапы қалдырды. Сөйтіп, ол жастар арасында әлем чемпионы атанды.

Айта кетсек, былтыр Ақтау қаласында өткен Қазақстан чемпионатында топ жарған Абылайхан кейін Үндістан елінде өткен Азия чемпионатында да қарсыластарының барлығын тізе бүктіріп, әлемдік додаға жолдама алған болатын.

Абылайхан Мейрамбекұлы - отбасында баланың ортаншысы.

- Абылайхан спорттағы жолын 7 жасынан бастап дзюдо, қазақша күрес спорт түрлерінен бастады. 2017 жылдан бастап самбо күресімен айналысып келеді. Кішкентай кезінен бастап спортқа, шапшаңдыққа бейім болды. Сондықтан, әкесімен көп ойланып, күрес үйірмесіне бердік. Өзі де ширақ денелі, бірден үйреніспі, 2 айдан соң жоғары нәтиже көрсете бастады, - деп еске алады Бибігүл бізбен әңгімесінде қуанышын бөлісіп.

- Әлем чемпионатындағы ақтық белдесуін теледидар алдында отырып қарай алмадым. Ішім алай-дүлей, тақымымды қысып, қатты уайымдағанымды жасыра алмаймын! Сағаттың уақытына да жалтаңдап қарай бердім. Әр жарысқа шығарып саларда, есен-аман оралуын, денсаулығына зақым келмеуін тілеп, батамды беріп жіберемін. Мен үшін ең бастысы татамидегі жеңісі емес, үйге аман оралуы, - дейді әлем чемпионын тәрбиелеген Бибігүл Мамбетова.

Қатысқан халықаралық жарыстардан құр алақан қайтпайтын жас палуанды спорт аренасында әлі талай жетістіктер күтіп тұрғанына сеніміміз мол. Сербия төрінде өткен әлемдік додада қазақтың Әнұранын шырқатып, Туымызды аспанда қалықтатқан жас өренге жеңісті күндерінің көп болуын тілейміз!

Мұнайшылар шығармашылығы

Мұнайлы менің мекенім

Мұнайлы менің мекенім,
Өзіңсің менің тірегім!
Өзіңде өсіп шыңдалдым,
Өмірлік болдың мектебім.

Мұнайлы менің мекенім,
Мұнайшы болды түлегің.
Өзіңде туып ер жетті,
Майталман дара ерлерің!

Мұнайлы біздің мекенсің,
Әніме қоспай жүрмеспін.
Алғашқы берген бұрқағың,
Есінен ұрпақ кетпесін!

Мұнайлы мекен ұлдары,
Мұнаймен өсіп шыңдалды.
Қайсарлығы қайтпады,
Сұрапыл соғыс жылдары.

Мұнайлы мекен қыздары,
Саз балшық кешіп сорланды.
Игеріп мұнай Отанға,
Ерліктің ізін жалғады!

Мұнайлы менің мекенім,
Ғасырдан асты ерлігің!
Қара тер қанша төгілді,
Қара май болып білегің.

Мұнайлы менің мекенім,
Не қиындық көрмедің?
Шарықтай түссін ертеңің!
Ақталып еңбегі ерлердің!

Мұнайшы болар ұрпағым,
Аманат ата ұраным!
Ағалар ізін жалғастыр,
Сарқылмасын бұлағың!

Ораз ТӨЛЕШОВ,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ №5 мұнай және газ өндіру цехының операторы.

АНЫҚТАМА:
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е.Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, ***blog_emg@emg.kmgep.kz*** электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.
Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ
Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі
Бас редактор: А. Ертлеуова
Газет айына 2 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана
Редакцияның мекен-жайы:
Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.
Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:
Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177. L.Suleimenova@emg.kmgep.kz
Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121. G.Karajanova@emg.kmgep.kz
А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309 A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

Редакциялық кеңес:
Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;
С.Нақпаев - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;
Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;
Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;
Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;
Ж.Мұханғалиев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары;
Л.Сүлейменова - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:
«Ақ Жайық» ЖШС
Мекен-жайы: Атырау қ, Балғымбаев к., 71А
Байланыс телефондары: 27-23-67

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі.